

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің
Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім
саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі**

**Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «АС ЗЕРЕ» бөбекжай-бақшасын
мемлекеттік қайта аттестаттау нәтижелерінің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

25.11-27.11.2024 жыл

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша қайталама қорытынды
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Ас Зере» бөбекжай-бақшасы
(білім беру ұйымының атауы)

Ақтөбе қаласы

«27» қараша 2024 жыл, 10 сағат 00 минут

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып (бұдан әрі - Бағалау өлшемшарттары) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің (бұдан әрі – Департамент) 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2024 жылғы 26 наурыз-1 сәуір аралығында **Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «АС ЗЕРЕ» бөбекжай-бақшасына** мемлекеттік аттестаттау өткізілген болатын.

Нәтижесінде бұзушылықтар анықталып, Департаменттің 01.04.2024 жылғы № 18-2-4-06/671 қатынас хатымен анықталған кемшіліктерді көрсете отырып мемлекеттік аттестаттау туралы қорытынды берілді.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «АС ЗЕРЕ» бөбекжай-бақшасын мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша берілген бұзушылықтарды жою туралы Департаменттің 01.04.2024 жылғы комиссияның №36 хаттамалық шешімі негізіндегі қорытындысына сәйкес және **Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «АС ЗЕРЕ» бөбекжай-бақшасы** ұсынған 03.04.2024 жылындағы №59 шығыс хатымен іс-шаралар жоспарын ескере отырып, бұзушылықтарды жою мерзімін көрсете отырып, Департаменттің 03.04.2024 жылғы №179 бұйрығымен аттестатталмады.

Осыған орай 22 қараша 2024 жылғы №80 хатпен бірге ұсынған қайта аттестаттау материалдары бойынша 2024 жылдың 25-27 қараша күндері аралығында келесі құрамдағы комиссиямен қаралды:

жүргізілді.

Мемлекеттік аттестаттау Департаменттің 2024 жылғы 22 қазандағы №667 н/к бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен (бұдан әрі-комиссия) келесі құрамда өткізілді:

1. Жаманова Жанар Тыныштыковна – Білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің бас маманы, комиссия төрағасы;
2. Жантурсина Гаухар Сабыровна - «Ақтөбе қалалық білім бөлімі» ММ-нің «№ 25 «Ерке» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК әдіскері, комиссия мүшесі;
3. Туремуратова Гульмира Жалғасбековна - «Ақтөбе қалалық білім бөлімі» ММ-нің «№9 «Бәйшешек» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК әдіскері, комиссия мүшесі;

Комиссиямен мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған бұзушылықтардың жойылғандығын айқындау мақсатында балабақша ұсынған кемшіліктерді жою материалдарымен, білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтерін салыстыра отырып білім беру қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «АС ЗЕРЕ» бөбекжай-бақшасы тарапынан кемшіліктерді жою бойынша растаушы құжаттар және «Кемшіліктерді жою есебі» ұсынылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру бойынша

Кемшіліктерді жою бойынша:

1.Кемшілік: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9.3 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені 4 тәрбиеші (Бұлқайырова Гүлжанат Жанәділқызы, Тыныштықова Әсел Ғалымжанқызы, Аяған Шарбану Шалқарбайқызы, Алиева Данагүл Базаркановна) біліктілік санатын көтермеген. Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/расстаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) талабы бойынша меңгеруші Кушекбаева Жанерке Жақсылыққызы 01.09.2020 жыл соңғы рет біліктілікті арттыру курсынан өткен, алайда қазіргі таңда мерзімі өткен, және де 1 тәрбиеші Аяған Шарбану Шалқарбайқызы –тәрбиеші лауазымы бойынша еңбек өтілі көрсетілмеген, біліктілік курсынан мүлдем өтпеген.

Жою барысы: Кемшілік жайылған. ЖШС «Ас Зере» бөбекжай-балабақшасы тарапынан келесідей мәліметтер ұсынылған. Кемшілікте көрсетілген төрт тәрбиешінің біреуі ғана Тыныштықова Ә. Ғ. «Педагог-модератор» санатын иеленген, алайда қалған екі тәрбиеші Алиева Д.Б мен Бұлқайырова Г.Ж. педагогтің білімін бағалау (ПББ) тестілеуіне барып өтініш берген біліктілік санатының шекті балын жинай алмау себебі «Педагог» санатын иеленген. Тәрбиеші Аяған Ш.Ш. 2024 жылдың тамыз айында декреттік демалыстан жұмысқа қосылу себебі қазіргі таңда еңбек өтілі 3 жыл 2 айды құрайды. Біліктілік санатын және біліктілігін арттыру курсынан өтуді келесі оқу жылына жоспарға алынған. Меңгеруші Кушекбаева Ж.Ж. 19.04.2024 жылы ПШО –нан менеджмент тақырыбында курстан өткен.

ҚОРЫТЫНДЫ: Бұзушылық жойылған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 24 тармағы (*бес жылда бір рет біліктілік санатын арттыру*). Бұдан Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1- қосымшасының 2 – тарауының 4- тармағының 4- тармақшасының талаптарына сәйкес келеді.

2.Кемшілік: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9.5 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені ағымдағы 2023-2024 оқу жылы топ тәрбиеленушілерінің бастапқы мониторингі бақылау парақтарында «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Өлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары бойынша бағалау жүргізіліп, жеке қорытындысы ұсынылмаған. Әдіскер тарапынан балалардың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша талдау жасалмаған.

Жою барысы: Кемшілік жойылған. «Ас-Зере» бөбекжай-бақшасында 2023-2024 оқу жылында үш топ (кіші, ортаңғы, ересек топтар) болған.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің даму мониторингі нәтижелерінің бақылау парақтары ұсынылған (экзель форматта). Бақылау парақтарындағы индикатормен берілген критерийлер Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2023 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттамалық шешіміне сәйкес қолдануға ұсынылған. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарында және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін

ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатта берілген критерийлермен сәйкес келеді. Бастапқы бақылау мониторингі бойынша әдіскер тарапынан жиынтық есеп жүргізілген. Жалпы бақылау 61 тәрбиеленушіге жүргізіліп, қорытынды шығарылған.

ҚОРЫТЫНДЫ: Бұзушылық жойылған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына 1 қосымшасының 2 тарауының 6 тармағына сәйкес келеді.

3.Кемшілік: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9.6 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені 2022-2023 оқу жылы бойынша әдіскер тарапынан жүргізілген қорытынды мониторингі бойынша талдау әр топтың білім беру салалары бойынша пайыздық көрсеткіштері кесте түрінде талдау жасалып, ұсынылмаған.

Жою барысы: Кемшілік жойылған. «Ас Зере» бөбекжай-балабақшасында 2022-2023 оқу жылында үш топ (кіші, ортаңғы, ересек топтар) болған. Аталған үш топтың тәрбиеленушілерімен жүргізілген қорытынды даму мониторингі нәтижелерінің бақылау парақтары ұсынылған (эксел форматта). Бақылау парақтарындағы индикатормен берілген критерийлер Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2023 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттамалық шешіміне сәйкес қолдануға ұсынылған. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарында және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатта берілген критерийлермен сәйкес келеді. Қорытынды бақылау мониторингі бойынша әдіскер тарапынан жиынтық есеп жүргізілген. Жалпы бақылау 61 тәрбиеленушіге жүргізіліп, қорытынды шығарылған.

ҚОРЫТЫНДЫ: Бұзушылық жойылған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына 1 қосымшасының 2 тарауының 6 тармағына сәйкес келеді.

ҚАЙТАЛАМА ҚОРЫТЫНДЫ:

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «АС ЗЕРЕ» бөбекжай-бақшасында бұзушылық жойылған, білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына 1 қосымшасы талаптарына СӘЙКЕС КЕЛЕДІ.

Мемлекеттік қайталама аттестаттау нәтижесі:

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптары бойынша бұзушылықтың жойылғандығына орай аттестаттау комиссиясының 2024 жылғы 27 қарашадағы №148 хаттамалық шешіміне сәйкес мемлекеттік аттестаттаудың қайта қорытындысы негізінде **Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «АС ЗЕРЕ» бөбекжай-бақшасы «АТТЕСТАТТАЛДЫ»**

Комиссия төрағасы:  Ж.Жаманова

Комиссия мүшелері:  Г.С.Жантурсина

 Г.Ж.Туремуратова